

Сухорукова атындағы аудитория ашылды

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде Вера Сухорукова атындағы аудитория ашылды.



Аталған жоғары оқу орнынан түлеп ұшқан Вера Сухорукова әр жылдары облыс әкімінің бірінші орынбасары, басқарма басшысы, Өскемен қаласының әкімі, Парламент Мәжілісінің депутаты қатарлы лауазымды қызметтер атқарып, өңіріміздің дамуына зор үлес қосқан қоғам және мемлекет қайраткері, «Құрмет», «Барыс» ордендерінің иегері болған.

Заманауи жабдықталған кабинеттің лентасын қиған облыс әкімі Ермек Көшербаев және университет ректоры Сәуле Рахметуллина жылы лебіздерін білдірді.

– Бүгін Дәулет Серікбаев атындағы техникалық университетте жобалық менеджмент кабинеті ашылып, кабинетке өңірімізге танымал тұлға Вера Николаевна Сухорукованың есімі

берілді. Вера Николаевнаны облыс тұрғындары тәжірибелі басқарушы, Өскемен қаласының дамуына көп үлес қосқан тұлға, жан жылуы ерекше адам ретінде еске алады. Вера Сухорукова техникалық университеттің түлегі, сондықтан университет ұжымы бұл идеяны сөзсіз қолдады. Оған біздің кәсіпкерлер, ірі компаниялар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері де атсалысты. Айта кету керек, кабинеттің жобасын Вера Сухорукованың жақын досы әрі серіктесі болған «Өскемен іскер әйелдер қауымдастығының» төрағасы Татьяна Цветкова әзірледі. Мұндай бастамаларды біз әрдайым қолдауға дайынбыз. Өйткені Вера Николаевна сияқты жарқын тұлға, талантты көшбасшының артына қалдырған өнегелі істері жас ұрпақты жаңа жетістіктерге шабыттандырады, – деді облыс әкімі Ермек Көшербаев.

Арнайы аудиторияда студенттер жобалық менеджментті, нақты іс-әрекет жоспарын әзірледі, командада жауапкершілікті тиімді бөлуді, ресурстарды ұтымды пайдалануды және үздік нәтижелерге қол жеткізуді үйренеді.

Жоба авторы – Өскемен қаласы «Іскер әйелдер қауымдастығының» төрайымы Татьяна Цветкова.

– Жарты ғасырдан астам уақыт бұрын біз Вера Николаевна екеуіміз сол кездегі ең жаңа экономика факультетінің алғашқы студенттерінің бірі болдық. Вера Николаевна әрқашан күрделі мәселелерді оңай шеше білуімен ерекшеленді. Мұны ол мемлекеттік қызметте

де, жеке кәсіпкерлікте де талай рет көрсетті, – деп еске алды Татьяна Цветкова.

Университет ректоры Сәуле Рахметуллина айтып өткендей, аудиторияның ерекшелігі – шағын топтармен жұмыс істеу үшін жеңіл түрленетін арнаулы модульдік жиһаз, интерактивті панель, сондай-ақ ол арқылы тапсырмаларды бөлуге және үдерістерді оңтайландыруға болатын арнаулы үш түсті үлкен канбан-тақта.

Жаңа студияда В.Сухорукова туралы, оның өмірбаянының негізгі тұстарын қамтитын, сканерлеу арқылы қосымша ақпаратты табуға болатын QR кодтары бар түрлі түсті стенд орнатылған.

Бұл аудитория «Казцинк» компаниясының қолдауымен ашылып отыр.

– Біз үшін бұл жобаға қатысу – үлкен мәртебе, – деді «Казцинк» ЖШС-нің әкімшілік мәселелер жөніндегі атқарушы директоры Андрей Лазарев. – Тоқсаныншы жылдардағы қиынқыстау кезеңде қала басшысы қызметіне келген Вера Николаевна кез келген жағдайда өзін нағыз көшбасшы ретінде танытып, халықтың сүйіспеншілігі мен құрметіне бөлене алатынын сан рет көрсетті. Ол өзінің еңбек жолы, қызметтегі жетістіктері арқылы еліміздің өркендеуіне, оның ішінде отбасы мен білім беруден бастап қоғамның сан түрлі саласының дамуына әйелдердің қосатын үлесі зор екенін дәлелдеп кетті.

Айжанат Ихсанова

ҚАУІПСІЗДІК

Бейнекамерамен жүз пайыз қамтылған

Балалардың қауіпсіздігін әрдайым бақылап отыру – мемлекет үшін басты міндеттердің бірі. Сондықтан кез келген қауіптің алдын алуға бағытталған түрлі іс-шаралар оқушылар арасында үнемі өтіп келеді. Облыстық білім басқармасы мен полиция департаменті оқушыларға арналған қауіпсіздік шараларын бірлесіп өткізіп, балаларға әртүрлі қауіптен сақтану жолдарын дәріптеп келеді.

Қызырбек ДҮРГІНБАЙҰЛЫ

Облыста 343 мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп, 116 мемлекеттік балабақша және 21 мемлекеттік колледж жұмыс істейді. Бұл білім беру ұйымдарының барлығы 100% бейнебақылау жүйелерімен қамтылған. Ендігі кезекте барлық қауіпсіздік камераларының стандартқа сай болуы қарастырылуда. Сыртқы камералар 2022 жылы – 40%, 2023 жылы – 60%, 2024 жылы – 80%, 2025 жылы – 100% талапқа сай болмақ. Ал ішкі камералар 2022 жылдан бастап 100% талапқа сай жұмыс істеп келе жатқандығын баспасөз брифинг барысында білім басқармасы басшысының орынбасары Әлима Ақылбекқызы баяндап берді.

– Қазіргі уақытта полиция департаментінің ведомствоаралық ахуалдық орталығына және жедел басқару орталықтарына қосылу бойынша шаралар қабылдануда. Облыс бойынша барлығы, 204 мектеп, 46 балабақша, 16 колледж қосылған. Ал азаматтық қорғауды хабарлау жүйелерімен 97 мектеп, 31 балабақша, 21 колледж қамтамасыз етілген. Дабыл түймелерімен 335 мектеп, 89 балабақша, 21 колледж қамтамасыз етілген. Сондай-ақ 147 мектеп, екі балабақша, 13 колледж турниктермен жабдықталған, – деді Әлима Ақылбекқызы.

Сонымен қатар білім басқармасы ТЖД төтенше жағдайларды жою бас-

қармасымен бірлесіп өскелең ұрпақты төтенше жағдайлар кезіндегі мінез-құлық қағидаларына үйрету шараларын іске асырып келеді. Бүгінгі таңда осы мақсатта білім беру мекемелерінде 1306 оқушыны қамтитын 129 «Жас құтқарушы» клубы құрылып, жұмыс істеуде. Ал «Қауіпсіздік мектебі» атты облыстық слеттері және шеберлік сыныптары мен тренингтер үнемі өтіп келеді. Өрт сөндіру бөлімдері мен құтқару бөлімшелерінде «Ашық есік күндерін» өткізу дәстүрлі үрдіске айналған. Көшелер мен жолдарда қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру бойынша «Жас қозғалыс инспекторларының» 199 отрядының 2500 жас инспекторы жұмыс істейді.

– Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан бірқатар жұмыстар атқарылып келеді. Соның бір дәлелі, облыс оқушылар командасы ЖҚЖИ халықаралық слетіне қатысып, жалпыкомандалық есепте I орынға ие болды. Бұл чемпионат 2023 жылғы 23-27 мамыр аралығында Минск қаласында өткен болатын. Оған Қазақстан атынан Өскемен қаласының А.Байтұрсынов атындағы №20 орта мектебінің командасы қатысты, – деді Әлима Ақылбекқызы.

Сонымен қатар жыл сайын «Казцинк» компаниясы мен облыстық полиция департаменті бірлесіп «Қауіпсіздік

үздігі» акциясын өткізе, қазіргі уақытта «Қауіпсіз терезелер» акциялары жалғасын табуда.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында облыстық полиция департаменті де қажетті іс-шаралар өткізіп келеді. Атқарып жатқан шаруалары туралы брифинг барысында облыстық ПД жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Әділжан Хамитов баяндап берді.

– Біз кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың жолын кесу және субъектілермен белсенді профилактикалық жұмыс жүргізу үшін барлық шараларды қолданып жатырмыз. Облыста жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерін шешуде қазіргі уақытта 78 ювеналды полиция қызметкері жұмыс істейді. Жыл басынан бері облыста «Жасөспірім», «Түнгі қаладағы балалар», «Бала еңбегімен күрестің 12 күні», «Назар аударыңыз, балалар!», «Мектепке жол» жедел-профилактикалық іс-шаралары бірнеше рет өткізілді, – деді басқарма өкілі.

Сонымен қатар қауіпсіздік ережелері мен тәртіпті бұзғандар жауапкершілікке тартылған. Жыл басынан бері облыста төрт мыңнан астам кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Ал кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына 251-ге жуық жасөспірім жеткізілген. Сондай-ақ қоғамды жақсарту және отбасындағы әл-ауқатты қамтамасыз ету мақсатында полицейлердің бастамасымен 183 кәмелетке толмаған жасөспірім және 298 «тұрақсыз отбасы» есепке алынған.

КҮЗГІ ЖИЫН-ТЕРІН

Қарбалас шақ

Самар ауданының диқандары жаңбырмен жарыса күзгі жиын-терін жұмыстарын жалғастырып жатыр. Шыққан астықты төкпей-шашпай жинап алу – бірінші кезектегі міндет. Биыл 66349 гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдары егілген, соның 38520 гектары дәнді, 25500 гектары майлы дақылдар.

Самар ауданына көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге жеңілдікпен берілетін 1167 тонна жағармай бөлінген. Оператордан босатылу бағасы литріне 250 теңгеден.

Қазір ауданда дәнді дақылдардың 92 пайызы жиналған. Толассыз жауған жаңбыр астық оруға, тұқым дайындау жұмыстарына кедергі келтіріп жатыр. Дәнді дақылдар бойынша астық түсімі гектарынан жеті центнерден айналууда. Барды қанағат тұтқан диқандар енді майлы дақылдарға орақ салды. Бүгінге дейін күнбағыс алқаптарының 20 пайызы орылған.

Дала төсіндегі диқандар қарбалас қимыл үстінде. Ырыздықты ысырап қылмауға тырысып бағуда.

Жамал Ермен

Самар ауданы.

